



Солнечный кентінде Абай тойы өтті

Абайдың 150 жылдық мерейтойында Солнечный кентінде Абай алаңы ашылып, ескерткіш орнатылып, жаңадан ашылған қазақ мектебіне Абайдың есімі берілген болатын.

Абайдың 160 жылдық мерейтойында жартылған алаңның ашылу рәсімі болды. Қала әкімі В.Набитовский мен жергілікті ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Садықов митингіде мерекелік лентаны қиды. Қалалық мұсылман әйелдері лигасының мүшесі, ісмер З.Төлегенова ұлттық дәстүрмен шашу шашты. Ескерткіштің ашылуында қала әкімі:

–Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, философ, ақын Абай- қазақ елі үшін мақтаныш. Бүгінгі торқалы той қазақтың ұлы ойшылы Абайға деген үлкен құрметтің белгісі. 2006 жылды Ресейде «Абай жылы» деп жариялауы ақынның даналардың данасы, ұлылардың ұлысы екенін аңғартады.

Абай армандаған еркіндікке, көксеген мақсат-мұратқа бүгінде оның ұрпағы жетті. Ақынның ескерткішін қайта көркейткен Солнечный кенті алдағы уақытта да өркендей түседі деп сенемін. Елімізді, жерімізді Абайдың аруағы қолдасын, ағайын!-деді В.Набитовский.



Жалғасы. Басы 1-бетте/

Абай елінен келген Шығыс аймақтық әскери бөлімінің генералы А.Мартынов өз сөзінде:

-Мәдени ескерткіштің қайта жаңартылып ашылуы дегеніміз- тарихтың асыл мұрасын жас ұрпаққа жеткізу. Тәуелсіздік алғаннан бері Екібастұз өңірі мен Семей гарнизонында шефтік қарым-қатынас орнады. Сол игі дәстүр бүгінге дейін

сақтау бөлімдері, жергілікті кәсіпорындар мен мекемелер, жеке кәсіпкерлерге, ауылдық округтердің әкімдеріне ризашылық білдіремін,-деді ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Садықов.

Митингден соң, жиналған қауым Абай рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Мерекелік лебіздер

Кент әкімі С.Майлыбаев:

-Екібастұздан үлгі алып, кентімізде «Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігінің филиалы жұмыс істей бастады. Оның мақсаты жарқын

Солнечный кентінде Абай тойы өтті

Мерекелік лебіздер

Қала әкімі В.Набитовский:

- Облыстағы бірден-бір Абай ескерткішінің Солнечныйда орналасуы Абайдың 160 жылдық мерейтойының осында тойлануына басты себеп болды. Ондағы мақсат кентті көріктендіру, алаңды жарықтандырып, оны халықтың мәдени және демалыс орнына айналдыру болды. Солнечныйдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қанағаттанарлық. Бастапқыда Солнечный энергетиктер қалашығы болып құрылған. Қазір екі блок жұмыс істеп тұрғандықтан, тұрғындар саны аз. Үшінші блоктың жобалық-сметалық жоспары дайындалды. Биыл болмаса да, келесі жылы бұл жерде үлкен құрылыс басталады. Сонда есік-терезелері жабық тұрған көпқабатты үйлер иелерін табары сөзсіз.

қарттар мен ақ жаулықты аналарға есіктерін айқара ашса, «Шырақ» және «Очаг» ПИК-і жергілікті тұрғындарға қызмет көрсетті.

Жиналған қауым қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі дайындаған театрландырылған көрініс

біт Бөжен, ертістік Алмагүл Жүгінісова, павлодарлық Гүлзат Мейрамова түсті. Екібастұздық Мәулен Әліпбаев пен павлодарлық Гүлзат Мейрамова көтерме сыйлықпен марапатталса, екібастұздық Бағдат Әліпбаев III орынды, ертістік Алмагүл Жүгінісова II орынды, екібастұздық Тілек Сейітов I орынды, павлодарлық Бейбіт Бөжен бас

гінге дейін жалғасын тауып келеді. Абайдың 160 жылдық мерейтойы халыққа қуаныш әкелсін. Шығыс аймақтық әскери бөлімінің бастығы генерал-майор С.Жанұзақовтың құттықтауын кент әкімі С.Майлыбаевқа тапсыруға рұқсат етіңіздер,-деді.

-Абайдың ілімі ұлттық идеологияны дәріптейтін ілім. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзің үшін оттаған хайуанның бірі боласың»

дық бірлестігінің филиалы жұмыс істей бастады. Оның мақсаты жарқын болашақ үшін қызмет ету, тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, елге, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, кентті таза ұстап, туған өлкеге жанашырлықпен қарау, мақтаныш сезімін қалыптастырып, сол арқылы жоғары мәдениеттілікке тәрбиелеу. Кентті сәулеттендірудің алғашқы қадамы Абай алаңынан басталды, бұл кенттің - мәдени өміріндегі елеулі оқиға. «Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігі кентті көркейтуде айтарлықтай игі істер тындырды. Қалалық бюджеттен бөлінген 5 млн теңге кентті көріктендіру мен алаңның күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалды. Семейлік «Делеген» ЖШС-і ескерткішті 1,8 метрге биіктетіп, гранитты таспен көркемдеп берсе, «Полистром С» ЖШС-і алаңды асфальттап, орындықтарды жөндеп, айналасын көгалдандырды. Алдағы уақытта алаңға ағаш егіп, оны күтіп-баптап, өсірумен айналысу жас ұрпақтың мойнында болады.

Ескерткіш жанындағы «Абай» киіз үйіне кірді. Төрте жас Абай домбыра шертіп отыр. Абаймен амандасуға кірген жамағат киіз үйден құр шықпай, қымыздан дәм-ауыз тиіп, қонақтар қазақы үйдің

п е н
«Назқоңыр»,
«Домисоль»,
«Соловушка»,
«Сюрприз» секілді өнер топтарының

концертін тамашалады. Келешек ұрпақ Абай сөзімен өсу керек. Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауында жеңімпаз танылғандар Абай өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айтты. Павлодар, Екібастұз, Ертіс, Ақтоғай аудандарынан келген жас ақындар мерекенің шырайын аша түсіп, жергілікті халықты өнер

павлодарлық Бейбіт Бөжен бас



адамшылықтың қадірі үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың» деп өсиет қалдырған Абайдың рухынан, тіл – күшінен қуат алып, жастарымыз алдағы өмірге Абайша көзқараспен қарайды деп үміттенемін. Абай ескерткіші мен алаңын көркейтуге үлес қосқан «2-МАЭС» ААҚ, «Ремстрой», «Полистром С», «Тілек», «Стих НК», «Автовокзал» ЖШС-і, қала әкімдігінің мәдениет, білім, денсаулық

ұлттық сән-салтанатымен танысты.

Тойда қызылды-жасылды 15 киіз үй тігілді. Қала әкімдігі, кент әкімдігі, «2-МАЭС» ААҚ-ы, «Ремстрой» ЖШС-і құрған үйлер басқа қалалардан келген құрметті қонақтарды қарсы алды. Құдайкөл, Өлеңті, Сарықамыс, Байет, Төртқұдық, Қарасу, Екібастұз, Ақкөл ауылдық округтерінің үйлері ақсақалды

Мектеп директоры Қ.Оспанова:

-№28 Абай атындағы қазақ орта мектебі 2-МАЭС-тың директоры А.Григорьевтың басшылығымен 1995 жылдың 15 қыркүйегінде ашылды. Мектепте 340 оқушы бар, 14 үйірме жұмыс істейді. Бірінші сыныпқа 30 оқушы жиналады деп жоспарлап отырмыз. 2-МАЭС-тің шефтік көмегінің арқасында биыл мектептің төбесіне, қасбетіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім деңгейі 64%-ды құрады. Мектепті бітірген 16 оқушының 11-і ЕНТ тапсырып, жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Бала бақша ғимаратында орналасқан мектепте спорт залы болмаса да, оқушылар шахмат, футбол, волейбол, күрес, теннис жарыстарында көзге түсіп жүр. Өскелең ұрпағы тойлап жатқан ұлы ақынның мерейтойына ұзақ дайындалдық. Лайым, Абай атамыздың аруағы риза болсын.

лерімен серпілтіп тастады. Айтыс додасына екібастұздық Тілек Сейітов, Бағдат Әліпбаев, Маулен Әліпбаев мен павлодарлық Бей-

жүлдені иеленді. Мереке соңында айтыскер ақындар, Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауының жеңімпаздары мен спортшылар қала әкімінің алғыс хатымен марапатталып, оларға бағалы сыйлықтар тапсырылды. Мереке жастардың би кешіне ұласты. Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, кемел ақын, кемеңгер ойшыл Абай Құнанбайұлының ту-

ғанына
160
жыл
толуына
орай
өткізіл-
ген ме-
рейтой-
ға риза
болған
халық
той тар-
қағанда
Солнеч-
ный
кентіне
Абай
есімі

берілсе деген ұсыныстарын білдіріп жатты. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» деген. Халық тілегі орындалып, ол күнге де жетеріміз хақ.

П.Есенбаева